

ОРТА МЕКТЕПТЕ ҰЛТТЫҚ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Акмагамбетова Акниет Манарбековна,
Қалекесова Айкөркем Айдарбекқызы
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің студенттері

Ғылыми жетекші: Балтабева Г.С.,
Ф.ғ.д., қауымдастырылған профессор

Андатпа. Бұл ғылыми мақаланың негізгі мақсаты – шешендік өнердің қалыптасу тарихын және ұлттық мәдени танымын қарастыру және олардың әдебиеттану ғылымының дамуы үшін маңызын көрсету.

Кілт сөздер: Шешендік өнер, шешендік өнер тарихы, ұлттық мәдени таным, шешендік өнер тактикасы, хабарламалық диалог.

Аннотация. Основная цель данной научной статьи - рассмотреть историю формирования ораторского искусства и национально-культурных знаний и показать их значение для развития науки о литературе.

Ключевые слова: Ораторское искусство, история ораторского искусства, национально-культурные знания, тактика ораторского искусства, диалог сообщения

Annotation. The main goal of this scientific article is to consider the history of the formation of oratory and national-cultural knowledge and show their importance for the development of the science of literature

Keywords: Oratory, history of oratory, national and cultural knowledge, tactics of oratory, message dialogue.

Кез келген халықтың тілі – сол халықтың шынайы этникалық болмысының айнасы. Тілді жаңа ғасыр парадигмаларында теориялық-танымдық үрдісте зерттеудің қажеттілігі жоғары. Бұл үрдіс тіл мен адам санасын тұтастықта қарастырып, тілдік білімді адам танымының жемісі ретінде қарастырады.

Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы және сауаттылығы оның сөз мәдениетімен, сол сөзді қолданыс ауқымының кеңдігімен, орамдылығымен және ұтымдылығымен өлшенеді. Шешендік өнер қазақ мәдениетін танудың амал-тәсілдерінің тактикалық әрі стратегиялық жүйесі. Халқымыздың шешендік сөз мәдениеті ұлтымыздың этноментальдық кодтар қоры, ізгілік пен ізгі мінез мектебі. Сондықтан қазақ дүниетанымын ғылыми-мәдени тұрғыдан зерттемейінше, оны белгілі бір методологиялық принциптерге негіздемейінше қазақ ұлтын, оның мәдени болмысын жан-жақты тану мүмкін емес.

Шешендік сөздерде ұлттық мәдени таным процесі көркемдік синтез дәрежесіне көтеріледі. Образдық тұтастану процесі болмыстың бүтіндігін көрсете келіп, негізгі ұлттық мәдени танымдық қағидаға айналады. Шешендік сөз дәстүріндегі мәдени танымның тұтастану процесіне ортақ құбылыс – ол нақтының дерексізденуі, танымдық бейненің таным объектісінен алшақтауы және абстрактілі ой қорыту деңгейінде қайтадан көркем синтезбен ұласуы. Яғни, шешендік сөздердің мәдени дүниетанымдық қызметін таным процесіндегі білмеуден білуге, қарапайымнан күрделіге, абстрактіліктен нақтылы шындыққа, деректіден дерексіздікке ұмтылған құбылыстардан байқауға болады. Міне, бұл қазақ шешендік сөз дәстүріндегі ой азаттығының бір көрінісі.

Ұлттық шешендік өнер – қазақ халқының дүниені, әлемді тану мәдениеті әдіс-тәсілдерінің өзіндік ерекшеліктерінің аясы. Ол қазақтың ұлттық мәдениетінің бар болмыс-бітімін қамтитын кеңістік. Ұлтымыздың шешендік сөз өнері қазақтың мәдени тіршілігінің өзіндік мәдени таным мен оның ішкі мәдени-рухани әлемінің көріну формасы, қазақы мәдени тәжірибе мен заңдылықтар, мәдени қағидалар мен ұстанымдар, мәдени ережелер шежіресі. Сонымен бірге, Отандық мәдениеттанушы ғалым Ақтолқын Құлсариева: «Қай тарихи-мәдени кезеңнің болмасын, өзіндік бет-бейнесін танытатын басым идеологиялық сарыны, парадигмасы болады» [1], – деген көзқарасын жақтай отырып, қазақ мәдениеті адамның ойлау, тану, іс-әрекет еркіндігі мен бастандығын көрсетеді дейтін болсақ, онда қазақ шешендік сөз өнері – адамзаттың ар-ождан, тіл бостандығының көріну формасының әрі алаңы, әрі ірге тасының бірі.

Қазақтың шешендік өнері – Шығыс мәдениетінің құрамдас бөлігі, қала берсе бүкіл түркі – мұсылман дүниетанымын құраушы элементтердің бірі, әлемдік мәдениеттің бір тамыры. Бұның өзі қазақ мәдениетінің әр тарихи кезеңдерде әртүрлі халықтардың мәдениетінен импульс алып отыратындығын және өзі де көптеген ұлттар мәдениетіне ықпал етіп отырғандығын көрсетеді» [2], – деген пікірмен келісуге болады.

Мысалы, С. Ақатай: «Қазақ – Еуразия далаларының әр тілдес, нәсілі де әр текті тарихи-этникалық қауымдастықтарын өз бойына сіңірген көне халық», – дей келіп, «Ұлтымыздың тамыр тегі тереңнен тартса, мәдениеті мен рухы онан да тұңғиықтан, бесмыңжылдық атты көшпелі өркениеттен қуат алады. Демек, халқымыздың бітім-болмысы мыңдаған жылдар аясында екшелген күрделі игіліктер негізінде өз топырағымызда қалыптасқан төл құбылыс екен. Қазақ халқын Еуразия тарихының барлық дәуірлерде жасалған күллі тарихи-мәдени игіліктерінің

заңды мирасқоры деп қабылдауға болады» [3], – деген пікір білдіреді.

Қазақтың шешендік өнерін зерттеуші-ғалымдардың бірі – Б. Адамбаев шешендік сөз өнерінің шығуын қазақ даласындағы көшпелілердің рулар мен ұлыстарға бірігіп, олардың өзін-өзі басқару жүйесінің, өзара әлеуметтік-саяси қатынас жүйесінің қалыптасуымен байланыстырады. Сонымен бірге, ол XVIII ғасырдағы қазақ шешендігінің өркендей түсуін айта отырып, оған үш түрлі саяси факторлардың себеп болғанын баяндайды. Біріншіден, оны Тәуке хан тұсындағы саяси шаралармен (Билер кеңесін құру, Жеті жарғы заңын шығару, қазақтың басын қосуы, оларды үш ұлысқа топтауы), екіншіден, қазаққа көршілес хандықтардың (Жоңғар, ойрат) саяси қоқан-лоқы жасау саяси әрекеттерімен, үшіншіден, қазақ шаруаларының өз хандарына және ресей патшалығының үстемдік әрекеттеріне қарсы ұлт-азаттық көтерілістердің етек алу себептерімен байланыстырады [4]. Осыған орай Б. Адамбаев қазақ ділмарларын «ел құрасқан шешендер (XI-XVI), ел қорғасқан шешендер (XVII-XVIII), хан-сұлтандарға қарсы шешендер (XVII-XVIII), бек-болыстарға қарсы шешендер (XVIII-XIX)» – деп топтайды [4]. Қазақ шешендігін зерттеуші әдебиетші-ғалым С. Негимов: «Осы уақытқа шейін шешен-билердің мейлінше дәл, ұтымды сөздері көркем сөз ретінде қарастырылып келгені белгілі. Негізінде, шешен-билер мемлекет тағдырын шешетін шынайы тұлғалар. Мемлекеттің көсегесінің көгеруі, дамуы нағыз шешен-билердің тегеуірінді өнерімен, өнегесімен, қызметімен тамырлас» [5], – екенін айқын көрсетеді.

Сондықтан қазақтың шешендік өнері үш жүздің басын қосқан Тәуке ханның тұсында, ханның ордасы Түркістан қаласында жанданған, ердің құнын екі ауыз сөзбен бітірген даңқты дала Демосфендері мен Цицерондары, Төле би, Қаз дауысты Қазыбек би және қара жігіт Әйтеке шешендердің атақ-даңқтары да осы кезде шыққан.

Шешендік сөздердің шеберлігі, құндылығы сөз сайысында, алқа топтың алдында сыналып, бағаланған. Бұл өнер қазақ халқының сан ғасырлық тарихының, бостандығы мен бақытты болашағы үшін жүргізген күресінің айнасы, айғағы есепті. Ғасырлар бойы жинақталған, сығымдалған, сұрыпталған шешендік өнер нұсқаларынан халықтың тіл байлығын, ақыл-ой қорын және шебер сөйлеу мәнерін үйреніп үлгі алуға болады. Халықтың тілінде шешендікті «шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген» деп бағалаған.

Халық түсінігінде шешеннің сөзі қынаптан суырылған қылыштай өткір, соқырға таяқ ұстатқандай анық, бойға қуат, көңілге медет болатындай терең мағыналы, көркем болуға тиіс. Тіл өнерінің салтанатты думаны сондай шешендік

алаңында қызады да, оның от ауызды, орақ тілді шеберлері сол думанда көзге түседі. Соларды қазақ «шешен» деп атап, тілдің терең қыр-сырын аса меңгерген дарын иелері деп құрметтеген. Сондай ерекше шешендік қабілеті бар кісілер елді аузына қаратып, ел алдында «отағасы», «биағасы», «ауыл ақсақалы», «ру басы» сияқты атаққа да ие болған.

Шешендік сөз өнерінің әлеуметтік сипатын көрсететін жағдайдың бірі шешендік өнердің тарихи құбылыс болуы. Себебі ол шешеннің шебер сөйлеу өнерін тарихи кезеңде қалыптастыратын дәстүр, ол сөз жарыстыру, сөзбен айтысу ақылдың ұшқарлығы мен ойдың тереңдік тұрғысынан сайысқа түсу өнерін және интеллект сайысына түсу өнерін қалыптастыру дәстүрі болып табылады.

Шешендік өнердің негіздерін саралап, пайымдау белгілі бір дәрежеде шешендік өнердің қалыптасу тарихына және қазақ шешендік сөздерінің табиғатын тануға жетелейді. Шешендік сөздердегі тілдік таным шешендердің ойлау қабілеті дүниені танып-білуде ең пәрменді құрал болғандығын дәлелдейді.

Шешендікті тілдік тұрғыдан зерттеген ғалым Г. Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» деген еңбегінде бұл пікірді дұрыс емес деп қарайды. «Егер қазақтың феодалдық қоғамында шешендік өнердің басты иелері ру басы билер болды десек, ежелгі дәуір шешендігі атап өткен тараудағыдай, қол бастаған батырлардың, ел басқарған көсемдердің, халықтың рухани демеушісі болған ақын-жыраулардың, халық арасынан шығып, артына өшпес мұра қалдырған ғұлама ғалымдардың даналығын қайда қоямыз?» - дейді зерттеуші. Сондықтан шешендік - тек тарихи құбылыс қана емес, қоғамдық құбылыс. Түрлі тарихи қиын кезеңдерде шешендік қоғамға, әлеуметке қызмет етті.

Ғалым өзінің «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» атты еңбегінде басқа еңбектерде бұрын-соңды сөз болмаған негізгі мәселелерді көтереді. Олар:

1) шешендік тарихын көне түркіден бастап қоймай, ежелгі дәуірден басталатыны жайлы сөз қозғау;

2) шешендік деген ұғымның тарихи категория екендігі. Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайына байланысты дамып, көсемденіп, марқайып отырған. Осыған орай дамуы кейде қарқындап, кейде бәсеңдеп, қоғамдық қызметінің шеңбері кейде кеңейіп, кейде тарылып отыруы мүмкін. Бұл жоғарыдағы сыртқы экстралингвистикалық факторларға байланысты. Бірақ қандай жағдай болмасын, ол қозғаушы түрткі болушы қызметін атқарып отырған. Қазақ шешендігінің тарихын кезеңге, дәуірге бөлуде белгілі бір шарттылық жоқ емес.

Кезінде қазақ әдеби тілінің ұзақ тарихын ұлттық сатыға дейінгі және одан ұлттық сатыдан кейінгі деп 2 кезеңге бөліп қарастырған сияқты, шешендікті де осылайша екі кезеңге бөліп қарастырған жөн сияқты. Бұл қағида қоғамдық формацияның ауысуы мен халықтың азаматтық тарихын ескеруден келіп шығады. Ал ол дәуірлерді іштей жіктеуге келгенде, басқа да факторлар ескерілуі тиіс.

3) Қазақ халқының шешендік өнерінің тарихы сол халықтың әдеби тіліне қатысты болуы мүмкін екендігі. Бұл қатыстылық, ең алдымен, шешендіктің әдеби тіл байлығы арқылы жүзеге асатындығынан туындауы қажет.

Тарихымыздағы әдеби тілдегі шешендік ауыз әдебиетіміз, сондай-ақ авторы белгілі жазба мұраларымыз, билер сөзі, ақын-жырау шығармалары арқылы көрінеді [6]. Сондықтан да шешендіктің тарихын зерттеу барысында әдебиеттану ғылымы мен тарих ғылымын ұштастырып зерттеу қажеттігі туындайды. Өйткені қазақ шешендік өнерінің жеткен шыңы мен басып өткен жолының қыр-сырларын тек әдеби тілдің тарихын сөз ете отырып, тарихи тұрғыдан қарастырған жөн. Шешендік өнердің қалыптасу жолын тарих көшінен іздеу барысында, әдебиет туралы және сол әдебиеттің әдеби тілі туралы айтқан зерттеушілердің пікірлеріне сүйенеміз.

Шешендік өнерін меңгерген адамды ритор, сөз шебері (ықпалы күшті сөз сөйлейтін адам) деп атаған, кейінгі кездері ритор деп шешендік мектептеріндегі практикалық шешендік оқытушыларын атай бастады [25]. Риторика, (грекше rhetor – шешен) – сөз мәдениетінің әмбебап принципі, шешендік өнерінің теориясы, нақты жағдайларға байланысты әсем де жатық сөйлей білу туралы ғылым. Риторика, адамзат тарихындағы ең көне ғылымдардың бірі ретінде тек грек тілінде («риторика») ғана емес, латын тілінде де «элоквенция», яғни «шешендік өнері» деп белгіленген. Шешендік өнерін «тәтті тіл» деп атаған М.В. Ломоносов, «тәтті тіл» теориясына және оның шеберлеріне былай деп анықтама берген: «Риторика дегеніміз әсем жазу және сөйлеу турасындағы барлық деректер туралы ғылым... Кім де кім осы өнерді шебер меңгерсе, сол ритор». Орыс тілінде шешендік өнерді меңгерген адамды «вития» деп, ал «жасанды шешендікті, жасанды болу себебі бойынша әсірелілікті» – «витийство» деп атаған. «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «Оратор (шешен) – сөз сөйлеуші адам; жиналыста баяндама жасайтын немесе сөз сөйлейтін адам; тіл өнерін, сөз өнерін меңгерген адам» [26].

Бүгінгі таңда шешендік өнердің тарихынан, динамикасынан ақпарат берумен қатар, оқушылардың ораторлық қабілеттерін дамытып, шешен сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын меңгерту заманауи мәдениетаралық қатысымға

бейім тұлға қалыптастыру барысында да өзекті. Сол себепті, орта мектептерде шешендік сөз мәдениетін қалыптастырудың дидактикалық мәнін саралай келе, тиімді әдістерін ұйымдастыру қажет. Шешендік өнерді меңгертудің тиімді әдістерінің бірі – диалогке құрылған әдістер. Мұндай әдістердің түрлері көп және олар қай сынып оқушысының болсын психологиялық ерекшеліктерін де, сабақтың интерактивті бағытын да толық қамтиды.

Мысалы, хабарламалық диалог – бұл идеялар мен ақпарат алмасуға бағытталған достық және бейресми әңгіме. Мұндай диалогте әңгімелесушілер қажетті ақпаратты жылдам әрі тиімді алуға және достық ниетті, байланысты сақтауға көмектесетін этикеттік тіркестерді пайдаланады. Оқушыларға «Кешіріңіз, айта аласыз ба...», «Рақмет, түсінікті», «Сізден білейін дегенім...», «Сіздің пікіріңізше,.. », «Қалай ойлайсыз,.. » деген сияқты тіркестер мен сөз оралымдарын әңгімені бастау және ақпаратты жеткізу үшін, сонымен қатар әңгімелесушінің көзқарасын түсіну және өз ойын, сезімін білдіру үшін пайдалануға болатындығы ескертіледі.

Шешендік өнердің негізгі тактикасының бірі – қарсы тарапқа көрсетілетін мәдениеттілік. Оқушыларға диалогқа түсу жолдарын үйрету арқылы, осы тактиканы да оңтайлы меңгертуге болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Құлсариева А. Аударма және өркениет: монография. – Алматы: Нұрлы бейне, 2006. – 184 б.
2. Молдабеков Ж. Шешендік: оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2009. – 432 б.
3. Ақатаев С.Н. Біз қандаймыз?: қазақ халқының мәдени зердесі, ұлттық қасиеті, тыныс-тіршілігі туралы // Қазақ әдебиеті. – 1994, қазан – 21.
4. Адамбаев Б. Қазақтың шешендік өнері. – Алматы, 1984. – 136 б.
5. Негимов С. Шешендік өнер. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 208 б.